

А.А. Бейсенова 

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.
e-mail: aika.amanzhanova@mail.ru

«СЕРПІН» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛЫП ЖАТҚАН ЖАСТАРДЫҢ УНИВЕРСИТЕТТІК КЕҢІСТІКKE БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2014 жылы Қазақстанда «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға!» – «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылған болатын. Бағдарламаның мақсаты Қазақстанның оңтүстік облыстарынан ауыл жастары қатарынан мамандар даярлау болып табылады. Түлектердің жұмысқа орналасу деректеріне сүйене отырып, мемлекеттік бағдарламаның басты талабы орындалмайтындығын байқадық. Жүргізілген зерттеудің мақсаты ол «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойыша білім алып жатқан жастардың университет кеңістігіне әлеуметтік мәдени бейімделулерінің ерекшеліктері.

Әдебиеттерге талдау жасау барысында, елімізде халықты тығыз орналасқан аймақтардан солтүстік аймақтарға көшіру, соның ішінде «Серпін» мемлекеттік бағдарламасына қатысқандардың өмірінде орын алатын қиындықтар, жас отбасыларды қолдау және қорғау мәселелері қарастырылмаған.

Зерттеуге мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға қатысатын Павлодар педагогикалық университетінің, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бірінші курс студенттері қатысты. Фокус-топтық зерттеу барысында келесі мәселелер көтерілді: «Серпін» бағдарламасына қатысуға түртікілер және оның шарттарын орындау, білім алушылардың білім сапасына қанағаттану деңгейі, жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық жарақтандырылуы, жатақханада тұру жағдайлары, бос уақытты ұйымдастыру.

Зерттеу барысында мемлекеттік бағдарламаның келесі тиімді жақтары анықталды: білім беру грантына қол жеткізу, жатақханада орналасу, жұмысқа орналасу. Сонымен қатар, жастардың студенттік өмірінде шешімін таппаған сұрақтарда жеткілікті, Мысалы, оқу ғимараттарында тамақтану, жатақхана мен тұрмыстық жағдайларды жақсарту және т.б.

Бұл жұмыс жастардың жоғарғы оқу орындарының жағдайлары мен жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу мәселелерін зерттеуге өз ықпал тигізеді. Жүргізілген талдау мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін және тараптардың (жоғары оқу орындары мен студенттердің) келісім-шарт талаптарын орындауға қатысты жауапкершілігін тереңірек зерттеуге негіз бола алады. Сонымен қатар, зерттеу қорытындылары мен берілген ұсыныстар жоғарғы оқу орындарының жастар ұйымдарының жетекшілеріне пайдалы болып келеді.

Түйін сөздер: бейімделу, ЖОО, білім беру гранты, білім алушылар, «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы.

A.A. Beissenova

Karagandy university of the name E.A. Buketov, Kazakhstan, Karaganda
e-mail: aika.amanzhanova@mail.ru

Features of socio-cultural adaptation of students under the program “Serpin” to the university space

In 2014, the government of Kazakhstan launched a state program called “Mangilik El Zhastary – Industriyga!” – “Serpin-2050.” The program’s purpose is to prepare specialists from the rural youth in the southern regions of Kazakhstan. Throughout the program’s implementation, several issues related to fulfilling its conditions remain unresolved, such as providing assistance in employment for university graduates. This paper presents the material obtained from a focus group study involving students from universities participating in the implementation of this state program. The research focused on the motives for participating in the “Serpin” program and fulfilling its conditions, students’ satisfaction with the quality of education, material and technical equipment of universities, dormitory conditions, and leisure organization.

An analysis of the literature showed that in Kazakhstan the issues of population resettlement from densely populated regions to sparsely populated areas, support for young families who took part in the resettlement program, including the Serpin program, have not been studied.

This paper presents material obtained during a focus group study with the participation of students from universities participating in the implementation of this state program. The study involved first-year students of Pavlodar Pedagogical University, Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, North Kazakhstan University named after M. Kozybayev and Karaganda University named after Academician E.A. Buketov. The analysis served as a basis for a more in-depth investigation into the effectiveness of the state program and the responsibility of parties involved (universities and students) regarding the fulfillment of contractual conditions.

The study focused on the motives for the participation of applicants in the Serpin program and the fulfillment of its conditions, the level of satisfaction of students with the quality of education, the material and technical equipment of universities, living conditions in the hostel, and the organization of leisure time.

The results of the research and the proposed recommendations will be of interest to the heads of departments in working with students.

Key words: adaptation, university, educational grant, students, state program "Serpin".

А.А. Бейсенова

Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, Казахстан, г. Караганда
e-mail: aika.amanzhanova@mail.ru

Особенности социокультурной адаптации обучающихся по программе «Серпін» в университетское пространство

В 2014 году в Казахстане была запущена государственная программа «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға!» – «Серпін-2050», направленная на подготовку специалистов из числа сельской молодежи из южных областей Казахстана и обеспечение ее занятости в регионе обучения. Однако анализ реализации программы показал, что многие выпускники по окончании вуза не выполняют основное требование программы – занятость в регионе обучения.

С целью выявления особенностей социокультурной адаптации молодежи, участвующих в программе «Серпін» было проведено социологическое исследование с применением количественных и качественных методов.

В ходе фокус-группового исследования в качестве выборки выступили студенты первого курса, принимающие участие в реализации данной государственной программы. В исследовании приняли участие студенты Павлодарского педагогического университета, Костанайского регионального университета им. А. Байтурсынова, Северо-Казахстанского университета им С. Козыбаева, Карагандинского университета им. Е.А. Букетова. В ходе исследования были установлены мотивы участия студентов в программе «Серпін», выполнение ее условий, уровень удовлетворенности обучающихся качеством образования, материально-техническая оснащенность вузов, условия проживания в общежитии, организация досуга. Было выявлено, что участие в программе позволяет получить образовательные гранты на обучение в вузе, обеспечение местом в общежитии, трудоустройство по окончании вуза. В тоже время в студенческой жизни встречаются много вопросов, которые не отражены в данной программе, например, питание в учебных корпусах, улучшение социально-бытовых условий, условий проживания в общежитии и др.

Проведенное исследование вносит определенный вклад в изучение вопросов адаптации молодежи к условиям высших учебных заведений, к новым социокультурным условиям. Проведенный анализ стал основанием для более глубокого исследования вопросов эффективности государственной программы и ответственности сторон (вузов и обучающихся) по вопросам выполнения условий договора. Кроме того, результаты исследования и предложенные рекомендации будут интересны для руководителей департаментов по работе со студентами.

Ключевые слова: адаптация, вуз, образовательный грант, обучающиеся, государственная программа «Серпін».

Кіріспе

Қазіргі заманғы шындық жағдайында еңбек нарығында арнайы білімсіз бәсекелестікке төтеп беру мүмкін емес. Ғылымның белгілі бір саласында білімге ие болу жеткіліксіз, сыни тұрғы-

дан ойлай білу, ахуалға сайма сай әрекет ету, жанжалдан шығудың жолын таба білу қажет. Қазіргі заманғы адамға тек кәсіби құзыреттілік қана емес, сонымен қатар адами қатынастарды реттеу саласындағы қосымша білім қажет. Сонымен қатар, қазіргі заманғы қалыптасқан жағ-

дайда әрқайсымыз өз біліктілігімізді арттыру туралы ойлануымыз керек (Gleason, 2018:229). Бірақ жұмысқа орналасу, мансаптық жетістіктерге жету үшін жоғары сапалы білім алу бірінші кезектегі міндет болып табылады.

Жоғары білім беру жүйесінің өзі 1990-шы жылдардан бастап көптеген елдерде түбегейлі өзгерістерге ұшырады, сол кезде жаңа мемлекеттік басқарумен шабыттанған реформалар басқарудың жаңа әдістерін қажет етті. Зерттеушілердің пікірінше, әлеуметтік жүйелерді трансформациялаудың жүріп жатқан процестері «...экономикалық және әлеуметтік прогресс арасындағы алшақтықты белгіледі, осыған байланысты білім беру ең басты назарда болды, ал әлемдегі барлық мемлекеттердің білім беру жүйелері реформалау мен жаңғырту объектісі болып табылды (De Wit, Altbach, 2021: 310). Әлемде объективті де, мақсатты бағытта да болып жатқан жаһандық өзгерістерге байланысты реформалар барысында қазіргі заманғы білім берудің сапалық (нысаналы, мазмұнды, процестік) және сандық (оқу орындарының саны, бір білім алушыға жұмсалатын уақыт пен қаражат және т. б.) сипаттамалары өзгеруде» (Клячко, 2020: 29). Күн тәртібінде оның халыққа қолжетімділігі байланысты болатын жоғары білім беру жүйесін қаржыландыру мәселесі көтеріледі. Шетел ғалымдары жоғары білімнің негізгі трендтерін талдай отырып, «әлемнің жетекші елдерінде жоғары білім негізінен мемлекеттік көздерден және қоғамдық қорлардан қаржыландырылады» деген дәлелдер келтірген (Altbach, 2019). Қытай Халық Республикасының Білім туралы Заңында «Қытайда білім беруді қаржыландыру жүйесі жүзеге асырылады, оның негізінде үкіметтік қаржылық қаражат бөлінеді, ал көмекші құралдар көптеген басқа арналар арқылы іздестіріледі» делінген (Лю, Красова, 2012: 24). Бұл жағдайда Қазақстан да қалыс қалмайды. Қазақстандық ғалымдардың пікірі бойынша, еліміздің жоғарғы білім беру жүйесі әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатын қойып отыр деп есептейді. Сондықтан жоғары білімнің қол жетімділігі, жаңа білім беру технологияларын еңгізу және қолдану, білім беру ұйымдарына академиялық еркіндік беру шарт болып табылады деп тұжырым жасайды (Rakhimbekova, Seisebayeva, Abdigaliyeva, 2022:4). Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына түсе-

тін адамдарды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын және жоғары білімнің білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты есебінен және өзге де көздер арқылы жүзеге асырылады» (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650>).

Зерттеу әдіснамасы

Жоғары даму жүйесін реформалау, жүйенің өзін де, оның субъектілерін де дамытуды мемлекеттік қолдау мәселелері қазақстандық ғалымдардың зерттеу нысаны болып табылады. Ғылым және жоғары білім Министрлігінің деректеріне сәйкес, Қазақстанда жыл сайын білім алушылар саны артып келеді, мысалы, 2021-2022 оқу жылында елімізде 120 жоғары оқу орны жұмыс істеді, олардың жалпы контингенті 623 мыңнан астам білім алушыны құрады (www.gov.kz/memleket/entities/sci/activities/272?lang=ru). Олардың басым бөлігі Алматы қаласында (172,2 мың адам), Шымкент қаласында (82,2 мың адам) және Астана қаласында (62,8 мың адам) оқиды (stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/3921/). Тиісінше, осы әлеуметтік топтың қажеттіліктерін зерттеудің өзектілігі артады, себебі «студенттердің әлеуметтік әл-ауқаты мен көңіл-күйлері олардың әл-ауқат деңгейінің, әлеуметтік тұрақтылықтың және жалпы өмірге қанағаттану деңгейінің көрсеткіштері болып табылады» (Тузиков, Зинурова, 2019). Жалпы білім беруден кәсіптік білімге ауысуға бейімделудің қиындығы тек әлеуметтік ортаның өзгеруінде ғана емес, сонымен қатар шешім қабылдау, өзін-өзі анықтаудың дұрыстығына алаңдау қажеттілігінде. Сонымен қатар, университетке түсу және отбасынан жатақханаға, бір тұрғын ортадан екіншісіне көшу жастардың өміріндегі бірқатар өзгерістермен байланысты. Жастар өміріндегі осындай елеулі өзгерістер жағдайында мектептің адамгершілік тәрбие бойынша бұрын атқарған жұмысын жалғастырып қана қоймай, адамгершілік қасиеттердің одан әрі дамуын, олардың оң әлеуметтенуін қамтамасыз ету де маңызды (Толбаева, Андреева, 2017: 306).

Студент жастарды бейімдеу процесі өте күрделі, көп өлшемді және көп деңгейлі. Студенттерді жоғары оқу орындарында оқуға бейімдеу мәселелері әртүрлі бейіндегі мамандар үшін қызықты. Алайда, арнайы мемлекеттік бағдарламалар негізінде білім алушылардың әлеумет-

тенулерінің алуан түрлі факторларына қатысты қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде қазіргі Қазақстанның мәдени тәжірибелеріне бейімделуі, жастардың мәдени әлеуметтену процесі мен нәтижелеріне әртүрлі факторлардың әсері, оның тетіктері мен типологиясы, жас мамандардың еңбек нарығындағы күй жағдайлары сияқты бірқатар маңызды аспектілер әлі зерттелмеген (Абдирайымова, Веревкин, Лифанова, 2020).

Қазіргі таңда әлемдік ғылыми айналымға енген түсінік ол «интеллектуалды миграция». Ол бір жағынан аймақтық жоғарғы және ғылыми ұйымдардың дамуына үлес қосу болса, екінші жағынан ол арнайы демографиялық саясатты жүзеге асыру болып табылады (Scolorato, 2019:120). «Интеллектуалды миграция» мамандар мен білім алушылардың ұтқырлығы болғандықтан, еліміздегі білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан саясаттың негізгі мақсаты тек жастарды кәсіби дайындау ғана емес, оларды білім алған аймақтарда жұмысқа орналастыру, отбасы құру, қоңыстандыру болып табылады. Қоныс аударушыларды бейімдеу мәселелерін А.Садвакасова бастаған зерттеушілер тобы зерттеді, олар ішкі және сыртқы көші-қон, туу туралы мәліметтерді талдай отырып, елдің Үкіметі енгізген солтүстік аймақтардың еңбек нарығындағы жағдайды жақсарту бағдарламалары заңды және қажет деген қорытындыға келді. Алайда, қоныс аударушылардың бейімделу процесінде орын алатын қиындықтар олардың әлеуметтік ортаға интеграциялануын қиындатады. Зерттеушілердің пікірінше, әлеуметтік-психологиялық қабылдау, тұрмыс пен коммуникация мәселелерін зерттеуді сандық көрсеткіштер маңызды мемлекеттік органдар зерттемейді (Садвакасова, 2022: 36).

Аталған мәселелер «Серпін» бағдарламасы бойынша оқитын студент жастардың университет кеңістігіне әлеуметтік-мәдени бейімделу мәселелері бойынша бір қатар зерттеулер жүргізуге түрткі болды. 2014 жылы жастар жұмыссыздығын төмендету, білікті кадрларды даярлау және белгілі бір салаларда кадрлар тапшылығы мәселелерін шешу мақсатында «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Осы бағдарлама бойынша Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстарының келесі ауылдық мектептерінің түлектері білім ала алады. Гранттар Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар, Қарағанды, Қостанай облыстарында орналасқан ЖОО арасында

бөлінеді. Гранттар білім берудің педагогикалық, техникалық, ауыл шаруашылығы салаларына беріледі. Жоба бойынша грантқа түскен түлектер стипендия алады және жатақханамен қамтамасыз етіледі (<http://www.testcenter.kz/ru/press-tsentr/novosti/detail.php?ID=5154>).

Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған «№АП14971423 «Серпін» бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің университет кеңістігіне әлеуметтік-мәдени бейімделуі» жобасын орындау шеңберінде 2022 ж. қараша – 2023 ж. наурыз айларының аралығында фокус-топтық зерттеулер жүргізілді және «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша оқитын Павлодар педагогикалық университетінде, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінде, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бірінші курс студенттерінің қатысуымен фокус-топтық зерттеу өткізіліп, тереңдетілген сұхбат алынды. Зерттеудің мақсаты бірінші курс студенттерінің университет кеңістігіне бейімделу ерекшеліктері мен осы бағдарламаның тиімділігін анықтау және оны одан әрі жүзеге асыру болды.

Осы мақала аясында талқылауға фокус-топтық зерттеу нұсқаулығынан бірқатар сұрақтар ұсынылады.

Нәтижелер мен талқылама

Зерттеуге қатысқандардың пікірі бойынша, «Серпін» бағдарламасы туралы ақпарат көбінесе әлеуметтік желілерден, жоғарғы оқу орындардың сайттарынан, мектеп мұғалімдерінен немесе сол бағдарлама бойынша білім алған/оқып жатқан туған-туыстарынан алады.

«Серпін бағдарламасы жайлы әлеуметтік желілерден, әсіресе осы университеттің әлеуметтік желідегі парақшадан білдім». «Бөкетов университетін аяқтаған ағам бар, сол кісі маған ақпарат берді. Бұл бағдарлама жайлы теледидардан, туыстарымнан білдім». «Бұл бағдарлама бойынша ақпарат оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударған туысқандарымнан естідім».

Алынған жауаптарға сүйенетін болсақ, осы уақытқа дейін республикалық деңгейде орталықтандырылған, жүйелі түрде халыққа/тұтынушыға ақпаратты жеткізу жолдары қарастырылмаған. Осыған қоса айта кету керек, бұл бағдарламаның тұтынушылары ауыл тұрғындары, шалғайдағы ғаламтордың әлсіздігі, республикалық телеарналардың мемлекеттік бағдарламаны жарнамалау-

ға тартылмағандығы, жергілікті атқарушы биліктің осы жұмысқа қосылмауы ізгі істің толық қанды жүзеге асырылуы мүмкін емес.

«Серпін» бағдарламасына қатысу туралы шешім отбасымен қабылданады және соған түрткі болатыны ол грантқа қол жеткізу, тегін оқу. Бұл бағдарлама бойынша грантқа ие болу мүмкіндігі жоғары болды, сонымен қатар Қазақстанның басқа қалаларын көру және сапалы білім алу мақсат болды. «Грант алу мақсат болды. 80 балмен Серпін бағдарламасы бойынша грантқа қол жеткізуге болады. ҰБТ бірнеше рет тапсырдым, алған балым төмен болғандықтан, «Серпін» бағдарламасы жайлы ақпарат іздей бастадым. Ата-анам басында қарсылық білдірді, алыс қайтесін деді, бірақ мен бірнеше ай бойы оларға айтып отырдым және нақты конкурсқа қатысу барысында осы университетті белгілеймін деп айттым. Оқу бітірген соң, бізге жұмыс орнын ұсынады. Ауылда тұрған кезде, бақылау мықты болған. Қалаға келгенде еркіндікті сезіне бастадық. Қала мен ауылдың айырмашылығы ол адамдардың қарым-қатынасында байқалады. Еркін жүре алмаймыз». «Мен алысқа барғым келді, өзім жеке дара тұрғым келді. Стипендия алып, тегін оқуға не жетсін». «Ата-ана үнемі бізді жетектеп жүре алмайды. Сондықтан жауапкершілікті сезінуіміз керек. Бір біріміздің қадірін түсінейік».

Яғни, зерттеуге қатысқандардың пікіріне сүйенетін болсақ, бағдарлама бойынша грантқа өту балы төмен, жұмыс орны ұсынуы ауыл жастарының осы мүмкіндікке назар аударуға, солтүстік аймақтарға уақытша қоңыс аударуға шешім қабылдауға әсер етеді.

Болашақ жоғарғы оқу орнын таңдауда білім алушылар бір жақты көзқарас ұстанбайтынын байқадық. Егер біреулері білім сапасына, келешекте академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу, білім беру бағдарламаларының мазмұнына аударса, басқалары оқу орындарын кездейсоқ таңдаған.

«Танысым осы университетте оқиды, сол кісі ұсынды». «Гуманитарлы бағыт бойынша осы университет (Павлодар педагогикалық университеті) жоғары бағаланады». «Апайымның қызы осы жерде оқиды, сол кеңес берді. Ол Еуропаға барып оқиды, менде соған қызықтым». «Мен Бөкетов университетін таңдағам, бірақ балым жетпей қалды, осы университетке түстім».

Болашақ мамандықты таңдауда білім алушылар қоғамның мүмкіндіктеріне, ата-аналарының кеңесіне, жұмысқа орналасуына және ең маңыз-

дысы ол өздерінің талғамдары мен мүмкіндіктерін есепке алғандарын айтып кетті.

«Мамандықты өз бейімізге қарай таңдадық. Мен өзім әдебиетті, поэзияны жақсы көремін, сондықтан осы сала таңдалды». «Қазақ тілінің мұғалімі боламын деп 10 сыныпты бітіргенде шештім, себебі, уақытты жоғалтпай тез арада дайындалу керек болды. Мен есебі бар сабақтардан қаштым, математика ұнамайды. Маған оқу, өлең жаттау қатты ұнайды және менің таңдауыма ешкім қарсы болған жоқ. Солай, мектептің ұстаздары көмектесіп, ҰБТ өттім». «Кішкентай кезімнен армандадым мұғалім болуды. Мектептегі мұғалімге еліктедім. 5-6 сыныпта диктор болғым келген. Шығармашылық жағынан қиындықтар болды, сондықтан осы саланы таңдадым. Өкінбеймін». «Қазіргі таңда мұғалімнің дәрежесі жоғары». «Анамның ұсынысы».

Тұрғылықты жердің ауысуы, әртүрлі сезімдер мен қолайсыздықтардың туындауына әкелетіндігі түсінікті. Осыған орай, білім алушылардың осы мәселеге қатысты пікірлерімен танысқымыз келді.

«Мен тамыздың 17 күні келдім, конкурстың нәтижесі шыққан соң, жолға анаммен бірге шығып кеттік. Мен осы уақытқа дейін Шымкенттің өңірінен ешқайда шықпадым, сондықтан, Қостанай қандай қала, қалай болады екен деген сұрақтар туындады. Келген соң, көшеде, қоғамдық көлікте адамдардың суық және аз болғаны көзіме түсті. Қалаңыз көлемі де аз». «Бірінші қиындықтар: тілдік кедергілер, ауа райы суық, жергілікті халықпен араласуда қиындықтар бар». Басында ұнамады, қала ескі, ескі үйлер. Қазір өзіме қатты ұнайды». «Стресс сезімдері болды. Сабақтанда қиналдым. Үйді сағындым. Жалғыздықты сезіндім». «Мен Алматы облысынан боламын, Алматыда жиі боламын, ол үлкен қала, адам мен көлік жағынан өте дамыған. Қостанайға әпкеммен бірге келдім, Сол кезде маған қала мүлдем ұнаған жоқ, көше білмедік, орналасу жағынан қиындықтар болды. Әпкеммен бірге қайтқым келді. Сосын ойландым, бір семестр оқып көрейін, ұнамаса, Алматыға қайтып барамын. Қазіргі жағдайға келетін болсақ, топтағы құрбылар, оқытушылардың ақыл-кеңесі, достардың пайда болуы маған қатты әсер етті. Қазір қалада, университетте қатты ұнайды. Тіпті осы жақта қалатын сияқтымын, байқағаным, маған тыныш жер ұнайды екен. Ойым өзгеріп жатыр».

Студенттердің білдірген пікірлеріне сүйенетін болсақ, білім алу барысында әртүрлі жағдай-

лар мен сезімдер орын алады. Олар кез келген қоңыс аударған адамдардың өмірінде орын алады. Бірақ, ерекше қиындықтарда бар екендігін естен шығармау керек. Мысалы, орыс тілін білмеу, жергілікті халықпен қарым-қатынасқа түсуде ментальдық айырмашылықтар, азық-түліктің (әсіресе жеміс-жидектің, көкөністердің, – зерттеуге қатысқандардың пікірі бойынша) қымбатшылығы. Сонымен қоса, өзінің тиімді жақтары бар, ол жаңа қала, жаңа орта, еркіндік, өзіндік жауапкершілік.

«Барлығы ұнайды. Ертістің жағалауы керемет сезім берді». «Жергілікті халықпен араласамыз. Олар орысша сөйлейді. Мысалы, олар қолданатын сөздерді біз қолданбаймыз. Басқа студенттермен бірге катокқа барамыз, киноға барамыз. Екі тілді де қолданамыз». «Мен орыс тілін жетік білмеймін, бірақ жергілікті халықпен араласуға тырысамын, тілімді дамытқым келеді». «Ата-анасыз тұрған соң, өзіміз барлық мәселелерді шешуге тырысамыз». «Қала кішкентай (Павлодар), бірақ өте таза, біздің жақта олай емес».

Студенттердің пікірі бойынша жаңа өмірге, ортаға бейімделуде өзі секілді студенттер, эдвайзерлер, оқытушылар көмектесті.

«Университетке бейімделуде группаластарым көмектесті. Бәріміз оңтүстіктен келгенміз, тіліміз ортақ, бір бірімізді түсінеміз». «Жатақнадағы достарым көмектесті». «Күнде әртүрлі корпустарға барамыз солай үйрендік». «WhatsApp-та арнайы чат ашылды, сонда барлық ақпарат таратылып, туындаған сұрақтарға жауап алдық. Сонымен қатар, 2 курс студенттері бізге өз көмектерін беріп отырды». «Қыздармен таныстым, қала араладық, жаяу жүрдік, осылай, қаламен таныстық». «Ешкім көмектескен жоқ. Эдвайзер сұрақтарға жауап беріп отырды. Мен өз жерлестерімді таптым, солармен араласамын. Бірге жүреміз, жерлестік қатынастар мен үшін маңызды».

Білім алушылардың пікірі бойынша, жоғарғы оқу орындар жеткілікті деңгейде оқу құралдарымен жабдықталған, оқу корпустары оқу процесіне қажетті материалдармен қамтамасыз етілген.

«Бөкетов университетін жоғары бағалаймын. Кітапхана, оқу материалдар, электронды тақталар бар». «Компьютер, проектор, спорт залдары бар, сабаққа немқұрайлы қарайтын оқытушыларды көрмедім».

Студенттердің пікіріне қосатын болсақ, зерттеу жүргізілген университеттерде көзге түскен бірнеше мәселелер бар. Атап кететін болсақ,

дәрісханалардың (аудиториялардың) тарлығы, әр корпустың тамақтану орындарым (асханалармен) жабдықталмағандығы, демалыс орындарының жоқтығы, wi-fi таралу деңгейінің шектелуі.

Сұхбат барысында жоғарғы оқу орындарының жатақханаларында бір қатар мәселелер орын алатындығы анықталды. Бөлмелердің суықтығы, wi-fi шектелуі, ауыз су сапасы және т.б.

«Жатақхананың ауыз суы өте нашар, бұл тек ғана жатақхананың мәселелесі ғана емес, қаланың проблемасы. Су ишу мүмкін емес, сатып аламыз. Литрі 10 тенге». «Жағдай жақсы деп айта алмамын. Төсек жабдықтары ескерген, келген кезде бір төсек жабдығын қолдандық, қазір тағы бір комплект берді. Бөлмеде икаф бар, оған біздің киімдерміз симайды. Бөлмеде екі қыз тұрамыз». «Үлкен мәселе – ол кір жуатын машина. 5 қабатты жатақханаға 1 кір жуатын машина, қашан барсақта ол бос емес, оған кір жуып шығу мүмкін емес. Кіріміз жуылмай қалады. Содан кейін кірді қолмен жуамыз, бірақ оны кептіру қиын. Себебі, бөлме кішкентай». «Wi-fi жатақханада бар, бірақ жоғарғы қабаттарға және шет жағына жетпейді». «4 қабатта тоңазытқыш, 2 бытовка бар. Бір бытовкада кішкентай тоңазытқыш бар, екіншісінде үлкен тоңазытқыш мен мұздатқыш бар. Заттарымыз сыймаған соң, тамағымызды мұздатқышқа саламыз, одан алып шыққанда азығымыз бұзылады». «Жатақхананың бір қабатында 7 дәретхана бар. Бір қабатта 34 бөлме бар, әр бөлмеде 3 адам тұрады. Жалпы қабаттағы адам саны 102 адам тұрады. Есік құпталмайды. Өзіңіз ойланyp көріңіз, жағдай қандай. Өте ыңғайсыз. Тағы бір мәселе ол тазалық мәселесі. Еден жуатын адамдары таба алмай қаламыз, ластанып кетеді. Ерте тұрған адам жақсы жуынады, қалғандары...». «2 қабатта тұрамын, өте суық, жел үріп тұрады».

Тек екі университеттің білім алушылары жатақхана жағдайын жақсы деп атап кетті, бірақ оларда да өзіндік мәселелері бар екендігі анықталды.

«Жатақхана өте жақсы. Әр бөлмеде 2 адам тұрады, секцияда 4 студент орналасады. Оларға ортақ санитарлық бөлме (дәретхана, жуынатын жері) және тамақ дайындау жері берілген. Духовка жұмыс істейді». «Әр қабатта демалыс орындары, компьютерлер бар, коворкинг орталығы, вай фай бар». «Ереже бойынша жатақханада түнгі 11.00 жарық өшіреді. Егер сол ережені бұзсақ, жазаланамыз, ескі жатақханаға көшіреді немесе шығарып жібереді, не-

месе еден жуғызады. Сол жарықты өшірмесе жақсы болар еді. Жатақхана ерте жабылады. Кешкі 20.00 жабылады, жаз мезгілінде сәл уақытын созса жақсы болар еді. Ақысы 120000 тенге. Егер жағдай келмей жатса, оны бөліп төлеуге болады». «Төсек жабыдығын өзіміз алып келеміз. Кір жуатын жер бар, подвал, апай жуып, жинап қояды. Аптаның әр күнін қабаттарға бөліп қойған үлкен кезек болмайды».

Студенттік өмірдің тағы бір қыры ол бос уақытты өткізу, шығармашылықпен айналысу, таланттарды дамыту болып табылады. Зерттеуге қатысқандардың пікірі бойынша, әр университетте ондай жағдайлар жасалған. Шығармашылық, спорттық үйірмелер, бассейн, қызығушылықтар бойынша клубтар бар екендігін жеткізді. Бірақ, бірінші курс студенттері сабақтан тыс орындарға қатыспайдындығын жеткізді. Себептердің бірі, ол сабақтарға дайындық көп уақыт алатындығы.

«Университетте әртүрлі үйірмелер бар, қатысуға болады. Қатыспаймыз, уақыт жетпейді. Дамытуға мүмкіндік бар. 16,00 сабақтан шығамыз, баруға, қатысуға уақыт тапшы».

Бізді қызықтарған тағы бір мәселе ол студенттердің тұрып жатқан қаламен өзіндік бірегейлігінің қалыптасуы және алдағы 4-7 жылды осы ортада өткізу жоспарларын анықтау болды.

«Мен өзімді жергілікті тұрғын сияқты сезіне алмаймын. Анда санда үйімді сағынамын, кеткім келеді». «Осы қалаға үйренемін деген ойды ұстанамын».

«Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін анықтау мақсатында бірнеше сұрақ қойылды. Жинақталған жауаптардың ортақ пікірінен құратын болсақ, олар екі топқа біріктіруге болады. Егер біреулері «жоғары балл жинап, жылы жақтағы қаладағы университеттерге түсу керек» деген пікір білдірсе, басқалары *«артымда келе жатқан жастарға бағдарламаны ұсынамын. Өзім ешқандай жамандық көріп жатқан жоқпын. Отбасыны ойлау керек, барлық балаларға ақша жеткізу қиын. Тегін білім алуға тырысу керек. Бағдарлама тиімді. ҰБТ-де аз балл жинаған балаларға тиімді. Грантқа өту балы төмен болып келеді»* деген ойларын жеткізді.

Жалпы айтқанда, білім алушылар «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасын өте тиімді деп есептейді. Сонымен қатар, ол ауыл жастарын, олардың отбасыларын қолдау, сапалы білім беру мен болашақта жұмыс орнымен қамтамасыз етудің тиімді шаралардың бірі деп пікір білдірді.

Қорытынды

Бағдарламаға сәйкес, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін білім алушылар оқу аймағында үш жыл жұмыс істеуге мәжбүр болды, бірақ олар үшін жұмыс орындары дайындалмады, осыған байланысты олар мамандығы бойынша жұмысқа орналаспауға немесе үйлеріне қайтуға мәжбүр болды. Мемлекет қаржы орталығы атынан өз тарапынан оларды жауапкершілікке тарта алмады, өйткені олар үшін өңірлерде шартта көзделген жағдайлар жасалмаған. Жиі кездесетін факт-бұл студенттерді келісімшарт талаптарын орындағысы келмеуіне немесе олардың үлгерімінің төмендігіне байланысты оқудан шығару. Осы бағдарлама шеңберінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларына жартылай өту балдарын талдау «Серпін» бағдарламасы бойынша жалпы конкурс пен конкурс арасындағы айырмашылық 30 балға дейін құрайтынын көрсетті. Университетте оқуға дайындық деңгейі және мектептегі білім олардың жоғары мектептегі үлгеріміне және, әрине, еңбек нарығында одан әрі жұмыспен қамтылуына әсер етеді.

Зерттеуге қорытынды жасай отырып, студенттердің жатақханада орынға қол жетімділік, оқу материалдарының қол жетімділігі, оқыту сапасы, оқытушылар тарапынан психологиялық қолдау, осы бағдарлама бойынша келген топта оқу студенттердің жаңа жерде болуын жеңілдететіндігі сияқты жағдайларға тез бейімделетіндігі белгіленді. Студенттердің жауаптарына сүйене отырып, бағдарлама ауыл жастарына, оның ішінде негізінен көп балалы отбасылардан шыққан (отбасындағы балалардың орташа саны 5-6), ҰБТ нәтижелері бойынша төменгі ұпай жинаған жастарға сапалы сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазіргі бірінші курс студенттері Шарт талаптарын орындауға дайын, дәлірек айтқанда, аймақта жұмыс істеуге және болашақта өз біліктілігін арттыруға дайын.

Мәліметтер үшін мемлекет 2014-2015 оқу жылында 1050 грант бөлсе, 2015-2016 – 5000, 2016-2017 – 3162, 2017-2018 – 3793, 2018-2019 – 5089, 2019-2020 – 5109, 2020-2021 – 5107, 2021-2022 – 5156, 2022-2023 жылына 3653 грант бөлінді. Осы жылы «Серпін» бағдарламасында екі өзгеріс бар. Біріншіден, бағдарламаның өтеу мерзімі қысқартылды: егер ол бұрын үш жыл болса, қазір екі жылға дейін қысқартылды. Сондай-ақ, егер бұрын жұмыс тек білім алған өңірде болса, қазіргі уақытта осы бағдарламаға қатысушылар басқа өңірлерде өтемін өтеуге және жұмыс істеуге болады. Шарттың талаптарына

өзгерістер енгізу білім беру гранттарын өңірлер мен кадрлар даярлау бағыттары бойынша бөлу және бөлу алдында жергілікті еңбек нарығының қажеттіліктері зерделенбейді деген ойға әкеледі. Сонымен қатар, ЖОО-да оқу процесінде білім алушылар үлгерімсіздігіне, осындай қолайсыз климаттық жағдайларда, ата-аналар үйінен алыс жерде оқуды қаламауына байланысты оқудан шығарылады және туып өскен өңіріне оралады.

Осылайша, осы зерттеудің пайдасына елдің әлеуметтік, саяси және экономикалық дамуындағы жоғары білімнің маңыздылығын түсіну маңызды дәлел болып табылады. Демек, білім беруді, оның ішінде жоғары білімді дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін диагностикалау қажеттілігі туындайды. Жоғарғы тиімділікке ие мемлекеттік бағдарламалар білікті кадрларды құруға және бөлуге мүмкіндік беретін жоғарғы тиімділікке ие, ал бұл жалпы алғанда елдің инновациялық және бәсекеге қабілетті дамуы үшін негізін қалайды. Қазақстан әлі де білім беру саласында реформалар жүргізуді жалғастыруда.

Зерттеуге қатысқан жастардың бағдарламаға кіруіне қатысты мотивтер негізінен персоналдандырылған, ал патриоттық және альтруистік мотивтер барынша аз қамтылған. Бірінші курс студенттерінің жаңа оқу орнына бейімделуі көп жағдайда қиындықсыз өтті, өйткені жастар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жоғары бейімделу қабілеттеріне ие. Жаңа білім беру ортасында көрсетілетін қызметтердің сапасы бағдарлама тиімділігінің негізгі көрсеткіші болып табылады. Сонымен, студенттердің көпшілігі кітапхананың жабдықталуын, оқу ғимараттарын, спорт залдарын және оқу процесінің өзінің жабдықталуына оң бағасын береді. Бұл ретте студенттер жақсартуды қажет ететін салаларды да атап көрсеткен болатын. Жатақханада студенттер ең алдымен демалыс және спорт аймағын жақсартқысы келеді. Кітапханада олар диджитализацияны жақсарту қажеттілігін көреді. Білім беру үдерісі шеңберінде студенттердің

пікірталастар мен зерттеулерге белсенді қатысуы үшін мүмкіндіктерді жақсартудың бірінші кезектегі қажеттілігі туындайды. Университет әкімшілігімен және топ кураторымен қарым қатынасты студенттердің көпшілігі жоғары деңгейде бағалады. Студенттер сонымен қатар олардың қабілеттері мен таланттарын университет қолдайтынын растады. Жалпы, студенттер бұл бағдарламаны таныстарына ұсынуға дайын. Сонымен қатар, республиканың оңтүстік және батыс өңірлерінің тұрғындары «Серпін» бағдарламасына мемлекеттік білім беру грантын алмау қаупі жағдайында жүгінетіндігіне назар аудару қажет, және бұл мектеп түлегінің ауыл жастарын қолдаудың осы бағдарламасына қатысу қажеттілігін ата-аналар анықтайды. Сондай-ақ, студенттердің көпшілігі көп балалы отбасылар болып табылады және білім беру грантын алу ата-аналарға студентті қамтамасыз етуге көмектесу ретінде қарастырылады. «Серпін» бағдарламасы бойынша білім алушылардың өту балдары жалпы конкурс бойынша балдардан едәуір төмен екендігі маңызды. Соңғысы, осы бағдарлама бойынша бөлінетін гранттар санының азаюы оның тиімділігі тек зерттеушілерде ғана емес, сонымен қатар оны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдарда да күмән туғызады деген ойға әкеледі. Осы мемлекеттік бағдарлама бойынша аралық нәтижелердің болмауы білім алушылар контингенті бойынша деректердің, оларды қорытынды аттестаттауға дейін жеткізудің, жұмысқа орналастырудың «Мәңгілік Ел жастары-индустрияға!» – «Серпін-2050» бағдарламасын жүзеге асыру үшін жауапты мемлекеттік органдармен бірлесуін растай түседі.

Бұл жұмыс Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған «№AP14971423 «Серпін» бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің университет кеңістігіне әлеуметтік-мәдени бейімделуі» докторантурадан кейінгі бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылды.

Әдебиеттер

- Абдирайымова Г. С., Вережкин А. В., Лифанова Т. Ю. Выпускники казахстанских вузов глазами работодателей // *Siberian Socium*. – 2020. – Т. 4. – №. 4. – С. 8-21.
- Altbach P. G., Reisberg L., Rumbley L. E. Trends in global higher education: Tracking an academic revolution. – Brill. – 2019.
- Высшее и послевузовское образование. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/activities/272?lang=kk>
- Gleason N. W. Higher education in the era of the fourth industrial revolution. – Springer Nature. – 2018. – P. 229.
- De Wit H., Altbach P. G. Internationalization in higher education: Global trends and recommendations for its future // *Higher Education in the Next Decade*. – 2021. – P. 303-325.

Клячко Т. Л. Образование в России и мире. Основные тенденции // *Образовательная политика*. – 2020. – №.1(81). – С. 26-40.

Лю П., Красова Е. В. Современные тенденции развития китайской системы образования // *Территория новых возможностей. Вестник Владивостокского государственного университета экономики и сервиса*. – 2012. – №.1. – С. 22-33.

Об обучении на грантовой основе по программе «Серпін» // <http://www.testcenter.kz/ru/press-tsentr/novosti/detail.php?ID=5154>

Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 600 об утверждении Типовых правил приема в образовательные организации, реализующие образовательные программы высшего и послевузовского образования // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650>

Rakhimbekova B., Seisebayeva R., Abdigaliyeva G. Higher education in kazakhstan: global trends and state policy // *Farabi Journal of Social Sciences*. – 2022. – №. 8(2). – P. 4-12.

Садвокасова А., Казмиркевич П., Баглай Б., Муслимова К. Миграция и социальная адаптация внутренних переселенцев и студентов Казахстана // *Казахстан-Спектр*. – 2022. – № 4. – С.34-53.

Scolorato C. On the determinants of student mobility in an interregional perspective: a focus on Campania region // *Statistica Applicata – Italian Journal of Applied Statistics*. 2019. – № 31(1). – P. 119-142.

Статистика образования, науки и инноваций // <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/>

Толбаева Н.А., Андреева С.Н. Особенности адаптации первокурсников к условиям проживания в студенческом общении // *Психологическое знание в контексте современности: теория и практика*. – 2017. – С. 304-308.

Тузиков А.Р., Зинурова Р. И. Социология студенчества: теоретический статус и исследовательские практики // *Высшее образование в России*. – 2019. – №. 6. – С. 40-51.

References

Abdirayimova G. S., Verevkin A. V., Lifanova T. Yu. (2020) Vypuskniki vuzov Kazakhstana glazami rabotodateley [Graduates of Kazakh universities are seen by employers]. *Siberian Socium*, vol. 4, no 4, pp. 8-21.

Altbach P. G., Reisberg L., Rumbley L. E. (2019) Trends in global higher education: tracking an academic revolution. Brill.

Gleason N.W. (2018) Higher education in the era of the fourth industrial revolution. Springer Nature, 229 p.

De Wit H., Altbach P. G. (2021) Internationalization in higher education: Global trends and recommendations for its future. *Higher Education in the Next Decade*. Brill, 2021, pp. 303-325.

Klyachko T. L. (2020) Obrazovaniye v Rossii i mire. Osnovnyye tendentsii [Education in Russia and the world. Main trends]. *Education policy*, no 1 (81), pp. 26-40.

Liu P., Krasova E. V. (2012) Sovremennyye tendentsii razvitiya kitayskoy sistemy obrazovaniya [Modern trends in the development of the Chinese education system]. *Territory of new opportunities. Bulletin of Vladivostok State University of Economics and Service*, no 1, pp. 22-33.

Ob obuchenii na grantovoy osnove po programme «Serpin» [About training on a grant basis under the Serpin program]. <http://www.testcenter.kz/ru/press-tsentr/novosti/detail.php?ID=5154>.

Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 600. Об утверждении Типовых правил приема в образовательные организации, реализующие образовательные программы высшего и послевузовского образования [Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2018, no 600. On approval of the Model Rules for Admission to Education in Educational Organizations Implementing Educational Programs of Higher and Postgraduate Education]. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650>.

Rakhimbekova B., Seisebayeva R., Abdigaliyeva G. (2022) Higher education in Kazakhstan: global trends and state policy. *Farabi Journal of Social Sciences*, no 8(2), pp. 4-12.

Статистика образования, науки и инноваций [Statistics of education, science and innovation]. <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/>.

Sadvokasova A., Kazmirkevich P., Baglai B., Muslimova K. (2022) Migratsiya i sotsial'naya adaptatsiya vnutrennikh pereselentsev i studentov Kazakhstana [Migration and social adaptation of internal migrants and students of Kazakhstan]. *Kazakhstan-Spectrum*, no 4, pp. 34-53.

Scolorato C. (2019) On the determinants of student mobility in an interregional perspective: a focus on Campania region. *Statistica Applicata – Italian Journal of Applied Statistics*, no 31(1), pp. 119-142.

Tolbaeva N.A., Andreeva S.N. (2017) Osobennosti adaptatsii pervokursnikov k usloviyam prozhivaniya v studencheskom obshchezhitii [Peculiarities of adaptation of first-year students to living conditions in a student hostel]. *Psychological knowledge in the context of modernity: theory and practice*, pp. 304-308.

Tuzikov A.R., Zinurova R.I. (2019) Sotsiologiya studenchestva: teoreticheskiy status i issledovatel'skiye praktiki [Student Sociology: Theoretical Status and Research Practices]. *Higher Education in Russia*, no 6, pp. 40-51.

Vyssheye i poslevuzovskoye obrazovaniye [Higher and postgraduate education]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/activities/272?lang=kk>